



УДК 378.1

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

**Жүдебаев А.Ә.**

*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
ректоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері,
өнертану магистрі, Алматы қ., Қазақстан*

e-mail: zhudebayev86@mail.ru

Еңбекте Қазақстандағы оқу жүйесін заманауи тұрғыда жетілдіруде жаңа нормативті-құқықтық актілер қабылдану кезінде шығармашылық жоғары оқу орындардың қазіргі жағдайы мен келешегіне байланысты туындаған мәселелер жөнінде сөз қозғалып, оларды шешу жолдары ұсынылған. **Түйінді сөздер:** Шығармашылық жоғары оқу орындары; оқу жүйесі; заманауи тұрғыда жетілдіру; нормативті-құқықтық актілер, оқу-әдістемелік кеңес, білім беру жүйесін реформалау.

Бүгінде біз қазақстандағы білім беру жүйесінде болып жатқан маңызды өзгерістерге куә болып отырмыз. Мемлекеттік деңгейде жүргізілетін реформалар дайындықтың барлық деңгейлері мен бағыттарын қамтиды. Сондықтан бұл үдерісте шығармашылық білім беру жүйесінің белсенді түрде қатысуы заңдылық. Бұл жерде ұлттық жоғары оқу орындары (әрі қарай – ЖОО) ерекше роль атқарады. Оларды жаңғырту үдерістерінің орталығында тұрғанын айтуға болады, себебі олар білім беру саласындағы мемлекеттік басымдықтардың негізгі тасымалдаушылары және оның сапасының кепілі болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда орын алған шығармашылық білім беру жүйесі мәдениет және өнер саласында кадрлар дайындаудың кеңестік жүйесі негізінде қалыптасқан. Өзекті тәжірибе көрсеткендей, бұл жүйе жаңа енгізілім үшін икемді және ашық болды, өйткені ол 2000-шы жылдардың басынан бері Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың бірнеше кезеңіне «бейімделе алды». Сол кездегі кредиттік жүйемен мамандарды даярлаудың үш деңгейлі моделі шығармашылық мамандықтар үшін тиімсіз болып көрінді. Бүгінде ол тамырын тереңге жайып, қалыптасып үлгерді, ал жаңғыртудың қазіргі кезеңі оның тереңдеуі мен кеңеюіне байланысты болып отыр. Мұны алдағы оқу жылында Еуропалық Кредиттік Жүйеге (әрі қарай – ESTC) өту үрдісі дәлелдейді, бұл студенттерге тек академиялық ұтқырлық бойынша оқуға мүмкіндік беріп қана қоймай, әртүрлі жоғары оқу орындарынан бір мезгілде екі диплом алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының өздерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Қазақстандағы жоғары білім берудің қазіргі реформалары 68 нормативтік-құқықтық актілердің өзгеруінде көрініс тапты. Жаңа тәсілдеме 2018 жылдың 4 шілдесінде қабылданған «Білім туралы» ҚР Заңындағы түзетулер мен толықтыруларында бекітілген. Олардың мәні неде? Жаңа білім беру тұжырымдамасының проблемалық салалары мен жүргізіліп жатқан реформалардың ең маңызды бағыттары қандай?